

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУ ОРТАЛЫҒЫ
РАЙЫМБЕК БАТЫР АТЫНДАҒЫ №50 «ҚАЗҒАРЫШ»
МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ №2 ӨНЕР МЕКТЕБІ

Домбыра үйрену

Факультатив курсының бағдарламасы

3-сынып

Нұр-Сұлтан, 2020

Қалалық оқу-әдістемелік Сараптамалық кеңес отырысында қарастырылып Республикалық Сараптамалық кеңесте қарастыруға жіберілді (хаттама №1, 24.08.2020ж.)

Пікір берушілер:

1. Б.А.Абенев., дәстүрлі музыка өнері факультеті, «Домбыра» кафедрасының меңгерушісі, өнертану ғылымының магистрі, Қазақ Ұлттық Өнер университеті
2. Иманқұлова Р.Т., директордың ғылыми әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары

Құрастырушылар: Алхожаева Н.К. , Дуйсенгазиев Б.Б. Домбыра үйрену. Факультатив курсының бағдарламасы - Нұр - Сұлтан, 2020.- 27 б.

«Домбыра үйрену» факультатив курсының бағдарламасы негізгі орта білім беретін мектептердегі домбыра факультатив таңдау курсына арналған. Ұсынылып отырған бағдарлама домбыра аспабын үйретудің бастапқы кезеңінде аспапты оқушылардың сауатты игеруіне, шығармашылық қабілеттерінің дамуына бағытталған. Домбыра аспабын үйренудің алғашқы әліпбиінен бастап, яғни аспаптың құрылысы, аспапты дұрыс ұстау, қолдың қағысы, саусақтарды дұрыс қою ережелері, пернелердің орналасуы көрсетілген. Сонымен қатар игерілетін шығармалардың ноталары сандық нұсқасымен бірге берілген. «Домбыра үйрену» факультатив курсының бағдарламасында дәстүрлі құйма құлақ әдісі мен сандық тәсіл арқылы домбыра аспабын игерту жолдары ұсынылды.

Мазмұны

Түсінік хат	4
«Домбыра үйрену» факультатив курсының бағдарламасы.....	7
Тақырыптық-күнтізбелік жоспар.....	9
Домбыра үйренуге арналған әдістемелік нұсқау	11
Пайдаланған әдебиеттер	26

ТҮСІНІК ХАТ

Дүниежүзіндегі әр халықтың музыка саласына қосқан өзіндік үлесі бар. Бүгінгі биік өркениетке жету жолында кез-келген халық өзінің ұлттық мәдени мұрасымен үлес қосуда. Олардың өмір сүру салтымен бірге жасасып келе жатқан көркем мұралары мен ертегі-қиссалары, музыкалық шығармалары мен аспаптары ұмытылмай жаңғырып, жаңарып осы уақытқа жетіп отыр. Қазақ халқы үшін сондай құнды дүниелердің бірі — домбыра аспабы және осы аспапта орындалатын күйлер.

Домбыра - сан ғасырлардан бері ұлтымызбен бірге жасасып келе жатқан кеңінен танымал аспап. Қазақтың қара домбырасы – қазақ халқының ұлттық музыкалық аспабының бірі. Домбыраның қазақ тарихында алар орны ерекше. Халқымыз домбыраны қастерлеп төрден орын берген. Домбыра әр қазақтың жүрек пернесін шертер күй болып төгіліп, әсем әнге сүйемел болады, өсиетті жыр-толғауларға арқау болады, термелерді тербейді.

Қазіргі таңда ұлттық домбырамызды дәріптеу, оның ұрпақ үшін маңыздылығын арттыру мемлекеттік деңгейде қолдау тауып отыр. “Қоғамды ұлттық мәдениет пен бірегейлікті сақтау мен қайта жаңғырту идеясының төңірегінде одан әрі топтастыру мақсатында” Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жарлығымен 2018 жылдан бастап шілденің бірінші жексенбісі — Ұлттық домбыра күні болып белгіленді.

Ал, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2019 жылдың 7 шілдесінде Ұлттық Домбыра күнінде: "Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Дина, Нұрғисалар бастаған күйшілік дәстүрді еліміздің дарынды жастары жалғастырып келеді. Бүгінде ұлттық аспабымыз күллі әлем мойындаған мәдени құндылыққа айналды. Бұл қазақтың қасиетті қара домбырасына берілген әділ баға. Баршамызға ортақ құндылық домбыраны жан-жақты насихаттап, жас ұрпақтың санасына сіңіру өте маңызды. Сондықтан мектепте домбыра үйрену сабақтарын енгізу қажетті әрі дұрыс бастама", - деді.

Домбыра аспабын меңгеру жастарды салауатты өмір салты мен рухани, мәдени тұрғыда тәрбиелейді. Домбыра аспабын ұлттық брендке айналдыруды жүзеге асыруға қызығушылық танытқан мектептерге факультатив сабақтарының бағдарламасын ұсынамыз.

3-сынып мұғалімдеріне арналған факультатив курсының бағдарламасы ІІІ бөлімнен тұрады.

I бөлімде домбыра аспабын үйретуге арналған әдістемелік нұсқаулық келтірілді.

II бөлімде домбыра үйрену тақырыбын оқытуға арналған күнтізбелік жоспар мен 34 сағатқа арналған сабақ жоспары құрастырылды.

III бөлімде сабақ жоспарына негізделіп жасалған жұмыс дәптері көрсетілді.

Аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатқа дайындалған.

Бағдарламаның мақсаты: «Домбыра» сабағының басты мақсаты — добыра апабын меңгерту. Домбыра аспабын игерту арқылы оқушының бойындағы ұлттық музыкаға деген сүйіспеншілігін ояту, ұлттық құндылықтарды бойына дарыту. Баланың бойында шығармашылық даралығын қалыптастыру, ол оқушының сенімін арттыру, баланың бойында жақсы бастаманың барына сеніммен қарай білу.

Міндеттері:

- Оқушылардың бойында ұлттық аспапқа деген қызығушылығын арттыру;
- Оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Музыкалық шығармаларды жаттату арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту;
- Ұлттық өнерге баулу;
- Домбыра аспабын сауатты игерту;

Өзектілігі:

Домбыра аспабын үйретуге байланысты көптеген еңбектер бар. Олардың негізілері А.Жаймов, С.Бүркітов, Біләл Ысқақовтардың «Домбыра үйрену мектебі», Л.Хамидми, Б.Ғизатовтың «Домбыра үйрену мектебі», Х.Тастановтың «Алғашқы сабақ беру методикасы» кітаптары музыкалық оқу орындарының студенттері мен оқушылары және өздігінен үйренуші талапкерлер үшін негізгі оқу құралдары болып табылады.

Әдетте әр кезең өз жаңалық өзгерістерін ала келумен бірге өзіне лайық талап тілегін тудыратыны да анық. Сондай жаңалықтардың бірі сандық нота негізінде домбыра аспабын игерту әдісі. Сандық нотаны алғаш ойлап тауып, өз тәжірибесінде алғаш қолданушылар Ж.Нәжімеденов пен Ж. Нәдірбековтің еңбектері бүгінде өз нәтижесін беріп отыр.

Қазіргі уақытта ұлттық өнерімізде туындап отырған оң өзгерістер мен бетбұрыстар домбыра еншісіне де өз тиесілі жүгін артып отыр.

Домбырадан дәріс беру құралдары сабақ беру методикасы жағынан алып қарағанда белгілі бір жүйеге келтірілгенімен, орта мектептерде домбыра үйренудің әдістемелік нұсқаулығы жоқтың қасы. Біз бұл еңбегімізде 3-сыныптан бастап домбыра үйретуді дәстүрлі құйма құлақ әдісі мен сандық нота арқылы үйретуді ұсынамыз.

Жаңашылдығы:

«Домбыра үйрену» бағдарламасында ұстаз бен оқушының курсты меңгеруіне керекті материалдар жинақталған. Игерілетін шығармалардың классикалық нота жазбасы мен қатар сандық нота үлгісі бірге берілген. Бұл орта мектептегі оқушылардың домбыра аспабын жеңіл игеруіне ыңғайлы жол ашады. Әр сабақ барысында жаңа музыкалық шығарма тыңдауға ұсынылады. Сабақ жоспары Блум таксаномиясы негізінде құрастырылған.

Күтілетін нәтиже:

Еліміздің бәсекеге қабілетті патриотын, ұлт мәдениетін терең ұғынатын, домбыра аспабын игерген ұлттық музыкамызды қастерлейтін, рухани құндылықтарға бай тұлға қалыптасады.

- Оқушылардың бойында ұлттық аспапқа деген қызығушылығы артады.
- Оқушылардың шығармашылық қабілеттері дамиды.
- Музыкалық шығармаларды жаттату арқылы есте сақтау қабілеттері дамиды.
- Ұлттық өнерге құрметі артады.
- Домбыра аспабын сауатты игереді.

«Домбыра үйрену» факультатив курсының бағдарламасы
3-сынып
Барлығы – 34 сағат (аптасына – 1 сағат)

Кіріспе. Домбыра аңызы - 1 сағат

Оқушыларды домбыра аспабының шығу тарихымен, аңыз әңгімелермен таныстыру. Домбыра туралы жалпы түсінік.

Домбыраның құрлысы - 1 сағат

Домбыраның әр бөлшегінің атауын үйрету. «Ақсақ құлан» күйінің аңызы бойынша түсірілген мультфильмді көрсету.

Домбыраны дұрыс ұстау тәртібі - 1 сағат

Домбыра аспабын ойнауда адамның дене мүшелерінің атқаратын қызметі мен маңызын түсіндіру. Домбыраны ойнағанда дұрыс отыру тәртібін ұғындыру.

Оң қол және сол қол саусақтарының таңбалануы - 1 сағат

Оң қол және сол қол саусақтарының таңбалануы мен атауын түсіндіру, үйрету.

Оң қол және сол қол саусақтарының қойылымы. Қағыс түрлері - 2 сағат

Саусақтарды аспапта дұрыс орналастыруды үйрету. Қағыстардың таңбалануын ұғыну. Қағыс түрлерін тәжірибеде қолдану.

Сандық нота - 2 сағат

Сандық нотаның анықтамасын ұғындыру, сандық нотамен домбыра ойнаудың алғышарттарымен танысу.

Оң қол және сол қолға арналған жаттығулар - 3 сағат

Тәжірибе жүзінде сандық нотаны қолдануды үйрету.

Халық әні «Еркем-ай» - 5 сағат

«Еркем-ай» шығармасын сандық нота және құйма құлақ әдісімен аспапта ойнауды игерту.

«Құттықтаймын мама, туған күніңмен!» - 8 сағат

«Құттықтаймын мама, туған күніңмен!» шығармасын домбыра аспабында ойналуын үйрету.

Өткен тақырыптарда үйренген шығармаларды қайталау - 2 сағат

Алдыңғы сабақта үйренген жаттығуларды, «Еркем-ай», «Құттықтаймын мама, туған күніңмен» шығармаларын қайталату. Шеберлігін шыңдау.

«Біз өмірдің гүліміз» шығармасы - 5 сағат

«Біз өмірдің гүліміз» шығармасының домбыра аспабында ойнап үйрету.

Қайталау сабағы -3 сағат

Жыл бойы өткен сабақтар мен үйренген шығармаларды қайталау.

**«ДОМБЫРА ҮЙРЕНУ» ФАКУЛЬТАТИВ КУРСЫ БОЙЫНША
ТАҚЫРЫПТЫҚ-КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАР**

к/с	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1	Кіріспе. Домбыра аңызы	1	
2	Домбыраның құрлысы	1	
3	Домбыраны дұрыс ұстау тәртібі	1	
4	Оң қол және сол қол саусақтарының таңбалануы	1	
5	Оң қол және сол қол саусақтарының қойылымы. Қағыс түрлері	1	
6	Оң қол және сол қол саусақтарының қойылымы. Қағыс түрлері	1	
7	Сандық нота	1	
8	Сандық нота	1	
9	Оң қол және сол қол саусақтарына арналған жаттығу	1	
10	Оң қол және сол қол саусақтарына арналған жаттығу	1	
11	Оң қол және сол қол саусақтарына арналған жаттығу	1	
12	Халық әні «Еркем-ай»	1	
13	Халық әні «Еркем-ай»	1	
14	Халық әні «Еркем-ай»	1	
15	Халық әні «Еркем-ай»	1	
16	Халық әні «Еркем-ай»	1	
17	«Құттықтаймын мама, туған күніңмен»	1	
18	«Құттықтаймын мама, туған күніңмен»	1	
19	«Құттықтаймын мама, туған күніңмен»	1	
20	«Құттықтаймын мама, туған күніңмен»	1	
21	«Құттықтаймын мама, туған күніңмен»	1	
22	«Құттықтаймын мама, туған күніңмен»	1	
23	«Құттықтаймын мама, туған күніңмен»	1	
24	«Құттықтаймын мама, туған күніңмен»	1	

25	Қайталау сабағы	1	
26	Қайталау сабағы	1	
27	«Біз өмірдің гүліміз»	1	
28	«Біз өмірдің гүліміз»	1	
29	«Біз өмірдің гүліміз»	1	
30	«Біз өмірдің гүліміз»	1	
31	«Біз өмірдің гүліміз»	1	
32	Қайталау сабағы	1	
33	Қайталау сабағы	1	
34	Қайталау сабағы	1	

«Домбыра үйрену» факультатив сабағына арналған әдістемелік нұсқау:

Домбыра – қазақ халық арасына өте кең тараған аспап. Көрінер көзге қарапайым орындауға оңай көрінгенімен, домбыраның ашылар сыры жетерлік. Ғасырлар бойы жазылған тарихы, көтерген жүгі, атқарған қызметі, қалыптасқан әрқилы мектептері, орындаушылық үрдісі және оның әр түрлі әдістері бар. Оқушыға домбыраны үйретуде бір жүйелілік, бағыт болу керек. Есту, есте сақтау, ырғақты сезіну, зейіннің қалыптастыру, өз бетімен жұмыстану, жалпы өнерге деген сүйіспеншілігін арттыру.

Домбыра аспабын балаға алғаш үйрете бастағаннан оның аспапты дұрыс ұстап отыруына, саусақтарының дұрыс орналасуына аса мән беру қажет. Аспапқа саусағы дұрыс қойылған бала үйренген шығарманы сауатты ойнай бастайды.


1-сабақ

Ертеде бір аңшы жігіт биік таудың қиясын, қалың қарағайдың арасын тұрақ еткен бұғы-маралды аулап, кәсіп етіпті. Бірде қанжығасы майланып, теңбіл марал атып алады. Оны етекке түсіру үшін ішек-қарнын ақтарып, алып тастайды. Содан арада айлар өткен соң әлгі жігіт аң атуға ұрымтал жер еді ғой деп, баяғы теңбіл маралды атқан маңға бет алады. Сол сәтте құлағына бір ызындаған дауыс естілгендей болады. Барлап қараса, өткенде атқан маралдың ішегін қарға-құзғын іліп ұшқан болу керек, қарағайдың бұтағына қос тін болып керіліп қалғанын көреді. Ызындаған дыбыстың содан шығып тұрғанын аңғарады. Бұтақтарға керіле кепкен оны сәл ғана жел тербесе ызындап, әдемі әуен шығарады. Оның өзі бірде уілдеп, бірде сарнап, енді бірде сыңсып жылағандай болып, аңшы жігітті алуан түрлі күйге түсіреді. "Мына қос ішекке тіл бітейін деп тұр екен, бір амал жасайын" деген оймен оны үйге алып келеді. Сөйтіп, ағаштан бір аспап жасап, соған әлгі қос ішекті тағады. Тартып көрсе, шынында да тіл біткендей сұңқылдап қоя береді. Ерекше үн мергеннің ғана жанын жадыратып қоймай, тыңдаған жанның бәрін ұйытады. Осылайша бұл көптің сүйіп тыңдайтын аспабына айналған деседі...


2-сабақ

Домбыра – қазақ халқының ең кең тараған екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспабы. Ол – қазақтар өмірінде маңызды орын алатын, өзіндік музыкалық сипаты бар аспап.

Домбыра құрылысы бірнеше бөліктен тұрады: басы, құлақтары, пернелер, мойын, шанақ, бетқақпақ, ілгек және ішектер (1-сурет). Сонымен қатар оның көптеген қосымша бөлшектері бар (тиек, кемер ағаш, тұжым ағаш, бастырма, ойық, қалқа, түйме, өрнек, желкелік).




Адамның дене мүшесінің атаулары.



3- сабақ


Орындаушының орнықты әрі ыңғайлы отыруы қолдарын еркін қимылдатып, домбыраны дұрыс тартуына мүмкіндік береді. Сондықтан оқушы алдымен оң аяғын сол аяғының үтіне қойып, орындыққа тік, еркін отырып жаттығуы қажет. Әр оқушының орындығы өз бойына сәйкес болуы керек.

Домбыра ұстап отырған кезде екі иық төмен не жоғары көтерілмей, бір деңгейде бос тұрғаны дұрыс.




Ер бала мен қыз баланың домбыра ұстап отырысында айырмашылық бар.

4-сабақ




Сол қол саусақтарының таңбалану реті: бас бармағы «б» әрібімен, басқа саусақтар 1, 2, 3, 4 сандарымен таңбаланады.



Оң қолдың саусақтарының атауы: бас бармақ (б.б), сұқ саусақ (с.с), ортаңғы саусақ (о.с), аты жоқ саусақ (а.ж.с), шынашақ (ш).

5-6-сабақ

Домбыра қағыстары оң қол саусақтарымен атқарылады. Оң қол саусақтарының ішекті қағуға ыңғайлысы бас бармақ пен сұқ саусақ. Қағыс қаққанда бас бармақ сұқ саусаққа жақын тұрып, қалған үшеуі жартылай бүгулі болады. Алақан домбыра қақпағына қарата ұсталады. Осы қалпында білезік буынын сәл бүге, бас бармақпен не сұқ саусақпен ішектерді серпе қозғап үн шығару «қағыс» деп аталады. Домбыра қағысы қозғалыс бағытына қарай төменгі және жоғары қағыс болып бөлінеді.



Қағыс түрлері ноталық жүйеде де, сандық жүйеде де былай белгіленеді.

П - төменгі қағыс;

V – жоғары қағыс;

Сандық нотада домбыраның астыңғы ішегі 1- ішек, үстіңгі ішегі 2- ішек деп аталады.

1-жаттығу.

П V П V / П V П V / П V П V / П V П V
1-ге, 2-ге 1-ге, 2-ге 1-ге, 2-ге 1-ге, 2-ге


2-жаттығу.


П П V V / П П V V / П П V V / П П V V
1-ге, 2-ге 1-ге, 2-ге 1-ге, 2-ге 1-ге, 2-ге

7-8-сабақ

Табиғаттағы дыбыстар шулы және музыкалық болып екіге бөлінеді. Адамның дауысы мен аспаптардың дыбысы музыкалық дыбыстарға жатады. Дыбыс тербелісінің ұзақтығын **дыбыс ұзақтығы** дейді.

 **Бүтін нота.** Ұзақтығы 1-ге, 2-ге, 3-ке, 4-ке.

 **Жарты нота.** Ұзақтығы 1-ге, 2-ге.


 **Төрттік нота.** Ұзақтығы 1-ге.

 **Сегіздік нота.** Ұзақтығы 1.



Он алтылық нота. Ұзақтығы 0,5

Музыканы қайталау белгісі — **реприза** деп аталады.



Нота өлшемдері.

Нота өлшемі музыкадағы әуен жолдың көлемін білдіреді.



9-сабақ

1-жаттығу.



Сандық нұсқасы:

Diagram showing fret numbers and fingering for six measures in 2/4 time. The fret numbers are: 0 0 0 0, 2 2 2 2, 4 4 4 4, 5 5 5 5, 4 4 4 4, 2 2 2 2. The fingering numbers are: 1 1 1 1, 2 2 2 2, 4 4 4 4, 5 5 5 5, 4 4 4 4, 1 1 1 1. Symbols for picking (p) and vibrato (v) are placed above the strings.

2-жаттығу

Musical notation for guitar in 2/4 time, showing a sequence of chords and notes with fingering and picking/vibrato symbols.

Сандық нұсқасы:

Diagram showing fret numbers and fingering for six measures in 2/4 time. The fret numbers are: 0 0, 2 2, 4 4, 5 5, 4 4, 2 2. The fingering numbers are: 1 1, 2 2, 4 4, 5 5, 4 4, 1 1. Symbols for picking (p) and vibrato (v) are placed above the strings.

10-сабақ

3-жаттығу

Musical notation for guitar in 2/4 time, showing a sequence of chords and notes with fingering and picking/vibrato symbols.

Сандық нұсқасы:

П V П V П V П V П V П V П V П V П V П V

$\frac{2}{4}$ 0 0 | 2 2 | 4 4 | 5 5 | 7 7 | 5 5 | 4 4 | 2 2 | 0 0 | 0

4-жаттығу

П V П V П V П V П V П V П V П V П V П V

$\frac{2}{4}$ 0 1 | 1 2 | 4 2 | 1 1 | 1 2 | 1 1 | 0 0 | 0

Сандық нұсқасы:

П V П V П V П V П V П V П V П V П V П V

$\frac{2}{4}$ 0 2 | 4 5 | 7 5 | 4 2 | 4 5 | 4 2 | 0 0 | 0

11-сабақ

5-жаттығу

П V П V П V П V П V П V П V П V П V П V

$\frac{2}{4}$ 1 1 | 1 1 | 2 2 | 4 4 | 2 2 | 1 1 | 1 1 | 0

Сандық нұсқасы:

6 — жаттығу

Сандық нұсқасы:

12-13-14-15-16-сабақ

Халық әні «Еркем-ай»

Сандық нұсқасы:

$\text{II} \frac{2}{4} \text{II} :$

$\begin{array}{cccc} 1 & 4 & 4 & 4 \\ \square \downarrow & \square \downarrow & \square \downarrow & \square \downarrow \\ 4 & 7 & 7 & 7 \end{array}$	$\begin{array}{ccc} 4 & 1 & 2 \\ \square \downarrow & \square \downarrow & \\ 7 & 4 & 5 \end{array}$	$\begin{array}{cccc} 1 & 4 & 4 & 4 \\ \square \downarrow & \square \downarrow & \square \downarrow & \square \downarrow \\ 5 & 9 & 9 & 9 \end{array}$	$\begin{array}{ccc} 4 & 1 & 2 \\ \square \downarrow & \square \downarrow & \\ 8 & 4 & 6 \end{array}$	$\begin{array}{cccc} 1 & 4 & 4 & 4 \\ \square \downarrow & \square \downarrow & \square \downarrow & \square \downarrow \\ 4 & 7 & 7 & 7 \end{array}$	$\begin{array}{ccc} 4 & 1 & 2 \\ \square \downarrow & \square \downarrow & \\ 7 & 4 & 5 \end{array}$	$\begin{array}{cccc} 2 & 4 & 1 & 1 \\ \square \downarrow & \square \downarrow & \square \downarrow & \square \downarrow \\ 5 & 7 & 4 & 4 \end{array}$	$\begin{array}{ccc} 1 & 1 & 0 \\ \square \downarrow & \square \downarrow & \\ 0 & 0 & 5 \end{array}$	
5	5	5	5	5	5	5	5	5
6	6	6	6	6	6	6	6	0 0 6

 $||$

Еркем-ай.

Айт дегенде өленді аңырмаймын, еркем-ай,
Көлден ұшқан аққудай мамырлаймын, еркем-ай.

Еркем, еркем, еркем-ай,
Еркелеген еркем-ай.
Еркелеген еркемді
Еркелетсем екен-ай.

Қайда жүрсем жақсының жанындамын, еркем-ай,
Іздегенмен жаманға табылмаймын, еркем-ай.

Еркем, еркем, еркем-ай,
Еркелеген еркем-ай.
Еркелеген еркемді
Еркелетсем екен-ай.

Еркем, еркем, еркем-ай,
Еркелеген еркем-ай.
Бүгін болған мерекең,
Болсың тағы ертең-ай.

17-18-19-20-21-22-23-24- сабақ.

Құттықтаймын мама, туған күніңмен!

Two staves of musical notation in 2/4 time. The first staff contains measures 1-8, and the second staff contains measures 9-16. The music features a melody with various intervals and rests, accompanied by a bass line. Fingerings and breath marks (V) are indicated above the notes.

Сандық нұсқасы:

Two lines of numerical notation corresponding to the musical score. The first line is for the first staff (measures 1-8) and the second line is for the second staff (measures 9-16). Each measure contains numbers representing fingerings (0-4) and breath marks (V) above the notes, and numbers representing the bass line below the notes.

Құттықтаймын мама, туған күніңмен!

Сөзі: М.Мақатаев

Әні: Н.Тілендиев

Нұрын төккен маған,

Шуағымсың - сен!

Айналайын мама,

Қуанышынмен!
Шаттандырған мені,
Жұбанышым сен!
Құттықтаймын сені,
Туған күніңмен!

Қайырмасы:

Ля-ля-ля-ля-ля-ля-ля
Ля-ля-ля-ля-ля-ля-ля
Ля-ля-ля-ля-ля-ля-ля
Ля-ля-ля-ля-ля-ля-ля

Аялаған мені

Ән қанатыңмен
Құттықтаймын сені
Салтанатыңмен! ,
Бакытты ғой заман
Қандай көңілді.
Мен тілеймін саған
Ұзақ өмірді.

Қайырмасы:

Ля-ля-ля-ля-ля-ля-ля
Ля-ля-ля-ля-ля-ля-ля
Ля-ля-ля-ля-ля-ля-ля
Ля-ля-ля-ля-ля-ля-ля

25-26-қайталау сабағы.

Қайталауға арналған сұрақтар:

1. Домбыраның құрлысын атаңыз.
2. Домбырада неше перне бар?
3. Домбырада неше ішек бар?
4. Бірінші ішек қайсысы?

5. Екінші ішек қайсысы?
6. Астыңғы ішек сандық нота жазбасында қалай жазылады?
7. Реприза деген не?
8. Сегіздік нотаның ұзақтығы нешеге саналады?
9. Төрттік нотаның ұзақтығы нешеге саналады?
10. 2/4 өлшемінде неше төрттік нота бар?


«Еркем-ай», «Құттықтаймын мама, туған күніңмен!» шығармаларын аспапта ойнап қайталау.

27-28-29-30-31-сабақ

Б.Ғизатов «Біз өмірдің гүліміз»



Сандық нұсқасы:



«Біз өмірдің гүліміз»

Зенгір көктен
Нұрын төккен,
Ортақ біздің күніміз.

Жайнап өскен,
Жайдары өскен
Біз – өмірдің гүліміз.

Бал достыққа,
Жолдастыққа
Шақырады әніміз.

Тыныштықта,
Нұр құшақта
Бақыттымыз бәріміз.

32-33-34-сабақ

Қайталау сабағы.

Жыл бойы игерген «Еркем-ай», «Құттықтаймын мама, туған күніңмен!», «Біз өмірдің гүліміз» шығармаларын қайталау.

Қайталауға арналған сұрақтар:

1. Домбыра аспабын қандай ағаштардан жасайды?
2. Домбыраның неше пернесі бар?
3. Домбыра ойнағанда басын қалай ұстаймыз?
4. Қайталау белгісі қалай жазылады?
5. Нота ұзақтығы деген не?
6. Бас бармақ қай саусақпен бірге жүреді?
7. «Еркем-ай» шығармасын жатқа ойна.
8. «Құттықтаймын мама, туған күніңмен» шығармасын жатқа ойна.
9. «Біз өмірдің гүліміз» шығармасын жатқа ойна.
10. Домбыра аспабы туралы өз ойыңды айт.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Домбырадан сабақ беру методы. Х.Тастанов., Алматы: «Жазушы» баспасы, 1970. - 74 б.
 2. Кюй. Звукоряд традиционной домбры и композиционная терминология. Надирбеов Ж. Р.Экожан, 2010. - 140 с.
 3. Домбыра үйрену мектебі. Л.Хамиди, Б.Ғизатов. Алматы: Өнер, 1983 . - 147 б.
 4. Домбыра үйрену мектебі. А.Жайымов, С.Бүркітов, Б.Ысқақов. Алматы: Өнер, 1992. - 240 б.
 5. Домбыра үйренейік. Ө.Спанов. Алматы: Әуен, 2000 – 76 б.
 6. Домбыра ойнау оңайма?. Ж.Нәжімеденов. Алматы: Өнер, 2008. - 152 б.
 7. Домбыраға арналған хрестоматия. Қ.Мұхитов, Қ.Досымжанов. - Өнер, 1985. - 60 б.
 8. Күй қайнары. Райымбергенов А., Аманова С. Алматы: Өнер, 1990. - 288 б.
 9. Музыка. 2-сынып. Ш.Құлманова, Б.Сүлейменова, Т.Тоқжанов. Алматы: Атамұра. 2017.
 10. Күй керуені. А.Есенұлы, Г.Елеусізқызы. Алматы: Өлке, 1997. - 160 б.
 11. Қазақтың күй өнері. Ақселеу Сейдімбек. Астана: Күлтегін, 2002. - 831 б.
- Қолданылған интернет материалдары:
12. <https://www.pinterest.ie/pin/588353138798651065/>
 13. <https://shygharma.info/b-jge-s-jg-likter-sajysy/>
 14. <https://allart.kz/dombra-v-vektore-cdr.html>
 15. kk.m.wikipedia.org
 16. <http://www.otbasym.kz/public/index.php/news/kultura/2018-03-08/nauryz-prazdnik-vesny-i-izobiliya>
 17. «Қазақтың Домбыра өнері». М.Әбуғазы «Нұрсәт» баспасы, Алматы. 2016 ж.
 18. <https://stihi.ru/2010/05/06/4013>
 19. <https://infourok.ru/merekeler-men-ertegilikter-zhinai-3013922.html>
 20. https://kopilkaurokov.ru/nachalniyeKlassi/uroki/mienin_suiikti_isim
 21. <http://shattik.mya5.ru/kontakty-1/?isMobileMode=1>
 22. <https://multiurok.ru/index.php/files/erinshektin-erteni-bitpes-3-synyp-kazak-tilinen-sa.html>
 23. <https://ztb.kz/obsestvo/nauryz-kni-eskeretin-alty-mindet>

24. <https://kaz.nur.kz/1824479-kazakty-bi-sesenderi-turaly-kansalykty-zaksy-bilesiz.html>
25. <https://sn.kz/sn-akparat-agyny/58584-aksak-ku-lan-anyzyndagy-akikat-kuidi-zhaksy-tusingen-shyng-yskhan-kalai-mong-ol-atany-p-zhur>
26. <https://www.opiq.kz/kit/63/chapter/2437>
27. <https://e-history.kz/ru/contents/view/4219>
28. <https://kazislam.kz/bala-a-jy-tar-aldynda-besik-zhyryn-aj/>
29. <https://slides.kz/ulttyk-muzykalyk-aspaptar-slayd/>